

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық
жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ кәсіпкерлік
бастаманы іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдалану
тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша
жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ШЫМКЕНТ
2025 ЖЫЛ**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы: _____

1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты: _____

1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері: _____

1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау: _____

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері: _____

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: _____

3.2. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша тұжырымдар: _____

3.3. Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар: _____

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, қалпына келтірілген және өндірілген сомалардың құжаттары.

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ кәсіпкерлік бастаманы іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ кәсіпкерлік бастаманы іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ кәсіпкерлік бастаманы іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдалану және іске асыру тиімділігін бағалау».

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

«Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі (*бұдан әрі – Басқарма*).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2023 жылдың 01 қаңтарынан 2024 жылдың 31 желтоқсаны аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Аудиторлық іс шарамен жалпы қамтылған қаржы көлемі 10221676,0 мың теңге, оның ішінде:

Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджет қаражатының және активтердің көлемі (мың теңге)				
№	Мемлекеттік аудит объектілері	2023 жыл	2024 жыл	Барлығы
1	«Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі	4725466,0	5496210,0	10221676,0
	Жиыны			

Басқарманың мақсаттары: өз құзыреті шегінде Шымкент қаласының аумағында экспортты жылжытуды индустриялық-инновациялық қызметті қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;

жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру;

индустриялық даму жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға, жетілдіруге және үйлестіруге қатысу;

басқарма жетекшілік ететін өнеркәсіп салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;

қаладағы жалпы инновациялық белсенділікті арттыру;

Шымкент қаласында қолайлы инвестициялық және бизнес-ахуал жасау жөнінде шаралар қабылдау;

сауда және қызмет көрсету саласында бірыңғай өңірлік саясат жүргізу; сауда, оның ішінде көтерме-бөлшек сауда, қоғамдық тамақтандыру, стационарлық және көшпелі сауда, меншік нысанына қарамастан базарлардың, қызмет көрсету және тұрмыстық қызмет көрсету саласының қызметі және өз құзыреті шегінде азық-түлікпен қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

қаланың сауда инфрақұрылымын дамыту;

Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз өкілеттіктері шегінде қалалық бағдарламалар бойынша кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму саласындағы шарттар шеңберінде барлық жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуді жүзеге асырады;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдар мен жеке тұлғалардан өз құзыреті шегінде қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарды сұратады және алады;

құзыреті шеңберінде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын және орындалуын қамтамасыз етеді;

Басқарманың қарамағындағы акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, коммуналдық мемлекеттік мемлекеттік басқару және уәкілетті органының қызметін атқарады;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

стационарлық және жылжымалы аттракциондарды есепке қою жөніндегі уәкілетті орган болып табылады;

өз құзыреті шегінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 204-баптарына сәйкес әкімшілік хаттамалар толтырады;

2) міндеттері:

индустриалық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асырып жатқан индустриалық-инновациялық инфрақұрылымның элементтеріне, индустриалық-инновациялық жүйенің субъектілеріне әдістемелік, консультациялық, практикалық және өзге де көмек көрсетеді;

негізгі қызметі инновацияларды дамытуға бағытталған заңды тұлғаларды құруға және (немесе) олардың жарғылық капиталына қатысуға ұсыныс енгізеді;

қала әкімдігінің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындау бойынша ұсыныс енгізеді;

жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;

сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;
қаланың салаларын дамыту үшін инвестициялар тартады;
заңнамада белгіленген тәртіпте басқарманың қызмет саласына қатысты салаларда қызмет ететін шетелдік заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Функциялары:

1) тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің отандық өндірісін дамытуды ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі шараларды іске асыру;

2) жетекшілік ететін өнеркәсіп салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) қала аумағында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

4) өңірлік индустриаландыру карталарын әзірлеу;

5) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтеріне, индустриялық-инновациялық жүйе субъектілеріне әдістемелік, консультациялық, практикалық және өзге де көмек көрсетуге құқылы;

6) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға экономиканың басым секторларын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

7) «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде өнеркәсіптің басым салалары бойынша мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, сондай-ақ ұйымдардың сатып алуларындағы жергілікті қамту бойынша ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде ұсынады;

8) индустриялық және инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органдарға индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылуы туралы ақпарат береді;

9) негізгі қызметі инновацияларды дамытуға және инвестициялар тартуға бағытталған заңды тұлғаларды құруға және (немесе) олардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

11) құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты жылжытуды жүзеге асырады;

12) өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын және орындалуын қамтамасыз етеді;

13) өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;

14) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Ұлттық палатамен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындайды;

15) сараптамалық кеңестердің қызметін ұйымдастырады;

16) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді;

17) «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жүзеге асырады;

18) келесі мемлекеттік қызметтерді жүзеге асырады:

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету;

19) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін бекітеді;

20) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, бақылау және қадағалау органдары есебінің бірыңғай күнін өткізеді;

21) заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізуі жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады;

22) қаланың сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді;

23) өз құзыреті шегінде ішкі сауда субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асырады;

24) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлейді;

25) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлейді;

26) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;

27) сауда инфрақұрылымын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

28) сауда қызметкерлерін кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, кәсіби негізде еңбек нарығын қалыптастыру жүйесін дамыту және жетілдіру;

29) ішкі сауда субъектілерін, оның ішінде отандық өндірістің азық-түлік тауарларымен сауданы жүзеге асыратындарды экономикалық ынталандыру шараларын қолдану;

30) электрондық сауданы дамытуға ықпал жасау;

31) отандық сауда желілерін дамытуға ықпал жасау;

32) тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша ақпараттық- түсіндіру іс-шараларына ықпал жасау;

33) көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер мен форумдар ұйымдастыруды жүзеге асырады;

34) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

35) уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы қала әкімдігіне ұсыныстар беру;

36) өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты, сондай-ақ шағын индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы қала әкімдігіне ұсыныстар беру;

37) жекеше индустриялық аймақтарды құру тұжырымдамасын келісу;

38) өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың үлгілік ережесі негізінде республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы ережені бекіту туралы қала әкімдігіне ұсыныстар беру;

39) индустриялық аймақты құру тұжырымдамасын қоса алғанда, индустриялық аймақты құру жобаларын сараптау;

40) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды орналастыру үшін жер учаскелерін беру туралы қала әкімдігіне ұсыныстар беру;

41) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін үйлестіру;

42) өз құзыреті шегінде қала аумағында экспортты дамыту және импортқа талдау жасау;

43) бизнес-көшіп келушілерді шақыруды ресімдеу үшін өтініш ұсыну;

44) Ұлттық қауіпсіздік органдарын хабардар ете отырып, бизнес-көшіп келушілердің уақытша тұруға арналған рұқсаттарының қолданылу мерзімін ұзартуға немесе қысқартуға өтініш хат беру.

Басқарманың ұсынылған құжаттары мен статистикалық деректерге сәйкес, 2023 жылы Шымкент қаласына 661,7 млрд теңге инвестиция тартылып, 2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 115,2% құраған. Жекеменшік инвестициялар 534,3 млрд теңгені құраған.

2023 жылы құны 102 млрд. теңгені құрайтын 46 инвестициялық жоба іске асырылып, 2 357 жаңа жұмыс орындары ашылған.

2023 жылы өңдеу өнеркәсібі салаларында жалпы құны 14,6 млрд. теңгеге 633 жаңа жұмыс орнын құрумен 14 инвестициялық жоба іске асырылған.

2024 жылдың қорытындысымен Шымкент қаласына 768,1 млрд, теңге инвестиция тартылып, 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 112,4% құраған. Жекеменшік инвестициялар 561,4 млрд. теңгені құраған.

2024 жылы 88,5 млрд. теңгеге 1,7 мың жаңа жұмыс орындарын құрумен 16 инвестициялық жоба іске асырылған.

2023 жылы Шымкент қаласына 25,3 млн АҚШ долл. көлемінде, 2024 жылы 67,4 млн АҚШ долл. көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тартылып, өсім 2,6 есені құраған.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Бюджет қаражатын жоспарлау сатысында 5342926,0 мың теңге тиімсіз жоспарлау фактілері және 17900,0 мың теңге тиімсіз бюджет қаражатын пайдалану фактілері орын алған.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу заңнамасын сақтамау салдарынан 6 бірлік және 1 бірлік өзге де рәсімдік бұзушылық анықталды.

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант беру туралы №17008 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 3 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

Дәл сондай жағдай №16036, №16033, №15203, №17102, №16451, №16163, №16401, №17305 шарттарда орын алған, яғни 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармақтарының 9) тармақшаларының талаптары сақталмай, шартқа 1-қосымшаларына сәйкес 1 адамға ғана жаңа жұмыс орны ашылған. Яғни, басқарма тарапынан өз функцияларын дұрыс орындамау салдарынан жоғарыда аталған шарттардың талаптары орындалмаған.

1). 2023-2024 жылдары 001,005,008,017,018,082 бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражатын жоспарлау сатысында 5342926,0 мың теңге тиімсіз жоспарлау фактілері орын алған яғни, жыл басында жоспарланған қаржыға қосымша жыл соңында қосымша қаржылар сұратылған және керісінше жыл басында сұратылған қаржылар жыл соңында игерілмей кері бюджетке қайтарылған.

Бұл ретте, сол кездегі қолданыстағы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 3-бабы, 1-тармағы 12-4) тармақшасына сәйкес, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – ол, бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану болып табылады.

Кодекстің 4-бабы 12) тармақшасында тиімділік қағидаты ол, бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару.

Кодекстің 3-бабы, 1-тармағы 69) және 70) тармақшаларына сәйкес; тікелей нәтиже – ол, қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемін сандық сипаттамасы;

түпкілікті нәтиже – ол, мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген, мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» (бұдан әрі - Қағидалар) Қағидалардың 2-тармағында, **Бюджеттік өтінімді жасаудың негізгі мақсаты** бюджеттік бағдарламаларды орындаудың қажетті ресурстары мен нәтижелері туралы сандық және қаржылық ақпарат негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеген кезде **шығыстар көлемін негіздеу** болып табылады деген талабы сақталмаған.

2). 393003 бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік органның күрделі шығыстарына бюджеттен 12273,0 мың теңге бөлініп, 2024 жылдың наурыз айында 20 дана компьютер жиынтығы 8533,0 мың теңгеге және 20 дана принтер 3740,0 мың теңгеге сатып алуға жоспарланған. Бағдарламаның соңғы нәтижесі материалдық-техникалық базаны 100% жабдықтау болған.

Алайда, белгісіз себептермен мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізбеуіне байланысты 20 дана компьютер жиынтығы 8533,0 мың теңгеге алынбай, Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсанындағы №23/196-VII шешімімен қаржы бюджетке кері қайтарылып, 3585,0 мың теңгеге 20 дана принтер ғана сатып алынып, бюджеттік бағдарлама бойынша түпкілікті нәтижеге жеткізілмеген.

Айта кететін жайт, 2024 жылы басқарманың теңгерімінде 3 дана ноутбук, 6 дана моноблок, 8 дана планшет, 30 дана комплект компьютер және 33 принтер болған. Ал, басқарманың 2023 жылғы штаттық құрылымына сәйкес 20 мемлекеттік қызметкер мен 11 техникалық персонал, 2024 жылы 28 мемлекеттік қызметкер мен 10 техникалық персонал жұмыс атқарған.

Яғни, 2024 жылы сатып алынған многофункциональнй 20 принтер мен сатып алуға жоспарланған 20 дана комплект компьютерлердің қажеттілігі жоқ болғанына қарамастан бюджеттік өтінімде жоспарлап, алған.

Бұл ретте, Бюджет кодексінің 3-бабы, 1-тармағы 12-4) тармақшасының, 3-бабы, 1-тармағы 69) және 70) тармақшаларының, 4-бабы 12) тармақшасының, сонымен қатар, Қағидалардың 2-тармағының талаптары сақталмаған.

3). Сыйақыға жаратылған қаржыларды талдау

2023 жылы 112 ерекшелік бойынша қызметкерлердің сыйақыларына 44071,0 мың теңге жаратылған. Ол қаржылар жыл басында жоспарланып, жыл соңында үнемделді деп, 112 ерекшелік бойынша жаратылған, мысалы 157 ерекшелік бойынша 17253,0 мың теңге, 159 ерекшелік бойынша 9647,0 мың теңге 162 ерекшелік бойынша 16649,0 мың теңге жаратылған және басқа ерекшеліктен жаратылған.

Жоғарыда аталған асыра жоспарланған қаржылар төмендегі бұйрықтар негізінде жыл бойы қызметкерлердің сыйақыларына жаратылған, атап айтқанда:

Мемлекеттік қызметкерлер:

- 2023 жылғы 24 ақпанындағы №15 ж/қ бұйрығы негізінде 17 қызметкерге жалпы 1770,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылғы 03 мамырындағы №29 ж/қ бұйрығы негізінде 17 қызметкерге 195,0 мың теңгеден жалпы 3315,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылғы 03 шілдедегі №57 ж/қ бұйрығы негізінде 10 қызметкерге 100,0 мың теңгеден 1000,0 мың теңге, 2 қызметкерге 150,0 мың теңгеден 300,0 мың теңге, 5 қызметкерге 188,0 мың теңгеден 940,0 мың теңге немесе жалпы 17 қызметкерге 2240,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылғы 08 қыркүйектегі №75 ж/қ бұйрығы негізінде 9 қызметкерге 100,0 мың теңгеден жалпы 900,0 мың теңге, 7 қызметкерге 234,6 мың теңгеден 1642,2 мың теңге немесе жалпы 17 қызметкерге 2776,8 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылғы 15 қарашадағы №111 ж/қ бұйрығы негізінде 3 қызметкерге жалпы 1200,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №119 ж/қ бұйрығы негізінде 12 қызметкерге 1753,5 мың теңгеден жалпы 21042,0 мың теңге сыйақы берілген;

Техникалық персонал:

- 2023 жылдың 24 ақпандағы №18 ж/қ бұйрығы негізінде 5 техникалық персоналға 100,0 мың теңгеден және 2 техникалық персоналға 110,0 мың теңгеден жалпы 720,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 03 мамырындағы №34 ж/қ бұйрығы негізінде 7 техникалық персоналға 100,0 мың теңгеден жалпы 700,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 08 қыркүйегіндегі №62 ж/қ бұйрығы негізінде 11 техникалық персоналға жалпы 520,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 13 желтоқсандағы №75 ж/қ бұйрығы негізінде 9 техникалық персоналға жалпы 2050,0 мың теңге сыйақы берілген.

Бонустан бөлек жыл басында жоспарланып, жыл соңына мүлдем игерілмей сыйақыға жаратылған қаржы көлемі 6900,0 мың теңгені құрады.

Яғни, кейбір ерекшеліктер бойынша қаржыларды артық жоспарлап, жыл соңында үнемделген қаржы ретінде сыйақыға жартылған.

2024 жылы 112 ерекшелік бойынша қызметкерлердің сыйақыларына 95275,0 мың теңге жаратылған. Ол қаржылар төмендегі ерекшеліктер бойынша жоспарланып, жыл соңында үнемделді деп, 112 ерекшелік бойынша жаратылған, мысалы 157 ерекшелік бойынша жыл басында 108266,0 мың теңге жоспарланып, жыл бойы 34799,0 мың теңгесі ғана жаратылып жыл соңында 78626,0 мың теңгені сыйақыға жаратқан, 159 ерекшелік бойынша жыл басында 41385,0 мың теңге жоспарланған, жыл бойы 16943,0 мың теңгесі ғана жаратылып, жыл соңында 24442,0 мың теңгені сыйақыға жаратқан және 162 ерекшелік бойынша жыл басында жоспарланған 24382,0 мың теңге жыл бойы 2644,0 мың теңгесі ғана жаратылған. Жыл басында «Банерді сыртқы (көше)

скроптерін жасауға» жоспарланған 3000,0 мың теңге және «Банерді сыртқы (көше) скроптерін орналастыруға» жыл соңында 8000,0 мың теңге жоспарланып, жыл соңында игерілмей толығымен сыйақыға жаратылған.

Яғни, кейбір ерекшеліктер бойынша қаржыларды артық жоспарлап, жыл соңында үнемделген қаржы ретінде сыйақыға жартылған.

Жоғарыда асыра жоспарланған қаржылар төмендегі бұйрықтар негізінде жыл бойы қызметкерлердің сыйақыларына жаратылған, атап айтқанда:

Мемлекеттік қызметкерлер:

- 2024 жылғы 05 сәуірдегі №14 ж/қ бұйрығы негізінде 17 қызметкерге 136,0 мың теңгеден жалпы 2312,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2024 жылғы 13 маусымдағы №40 ж/қ бұйрығы негізінде 16 қызметкерге 136,0 мың теңгеден жалпы 5600,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2024 жылғы 15 тамызындағы №63 ж/қ бұйрығы негізінде 13 қызметкерге 360,0 мың теңгеден жалпы 4680,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2024 жылғы 05 қыркүйектегі №72 ж/қ бұйрығы негізінде 14 қызметкерге жалпы 6100,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2024 жылғы 03 қазандағы №80 ж/қ бұйрығы негізінде 16 қызметкерге жалпы 7960,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2024 жылғы 04 қарашадағы №98 ж/қ бұйрығы негізінде 17 қызметкерге жалпы 12000,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №112 ж/қ бұйрығы негізінде 19 қызметкерге жалпы 29222,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №113 ж/қ бұйрығы негізінде 19 қызметкерге жалпы 29222,0 мың теңге сыйақы берілген.

Техникалық персонал:

- 2023 жылдың 05 наурыздағы №4 ж/қ бұйрығы негізінде 10 техникалық персоналға 50,0 мың теңгеден жалпы 500,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 13 маусымындағы №14 ж/қ бұйрығы негізінде 9 техникалық персоналға 50,0 мың теңгеден жалпы 450,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 15 тамыздағы №21 ж/қ бұйрығы негізінде 10 техникалық персоналға 56,0 мың теңгеден жалпы 560,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 03 қазандағы №27 ж/қ бұйрығы негізінде 9 техникалық персоналға 110,0 мың теңгеден жалпы 990,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 04 қарашадағы №36 ж/қ бұйрығы негізінде 8 техникалық персоналға 150,0 мың теңгеден жалпы 1200,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 12 желтоқсандағы №44 ж/қ бұйрығы негізінде 7 техникалық персоналға жалпы 1439,0 мың теңге сыйақы берілген;

- 2023 жылдың 12 желтоқсандағы №45 ж/қ бұйрығы негізінде 7 техникалық персоналға жалпы 1439,0 мың теңге сыйақы берілген.

Бұл ретте, Бюджет кодексінің 3-бабы, 1-тармағы 12-4) тармақшасының, 3-бабы, 1-тармағы 69) және 70) тармақшаларының, 4-бабы 12) тармақшасының, сонымен қатар, Қағидалардың 2-тармағының талаптары сақталмаған.

4). 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант беру туралы №17008 шартының (бұдан әрі - Шарт) 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 3 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

№16036 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 2 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

№16033 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 4 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

№15203 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 3 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

№17102 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 2 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

№16451 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 2 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

№16163 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 10 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

№16401 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 4 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

№17305 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 4 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

Яғни, басқарма тарапынан өз функцияларын дұрыс орындамау салдарынан жоғарыда аталған шарттардың талаптары орындалмаған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы қаулысының 2-тарау, 1-параграф, 10 тармағының 2) тармақшасының, 44 тармағының 3) тармақшасының талаптары, жоғарыда

аталған шарттардың 13 тармақтарының 9) тармақшаларының және Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 2 желтоқсанындағы №2431 қаулысымен бекітілген басқарманың ережесінің 14 тармағының талаптары сақталмаған.

5). Мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарының орындалуын талдау барысында анықталғаны:

Басқарманың 2023 жылға мемлекеттік сатып алу жоспары «2023 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарын бекіту туралы» 28.12.2022 жылғы №83 н/қ бұйрығымен бекітілген.

2023 жылы басқарманың мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына жыл бойында 06.02.2023 жылғы №08 н/қ, 01.03.2023 жылғы №17 н/қ, 10.03.2023 жылғы №22 н/қ, 05.04.2023 жылғы №28 н/қ, 17.04.2023 жылғы №31 н/қ, 02.05.2023 жылғы №33 н/қ, 25.05.2023 жылғы №35 н/қ, 23.06.2023 жылғы №42 н/қ, 10.07.2023 жылғы №46 н/қ, 18.10.2023 жылғы №69 н/қ, 15.12.2023 жылғы №86 н/қ бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қайта бекітілген.

2023 жылы бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бойынша көрсетілген қызметтермен сатып алынатын тауарлардың жалпы сомасы 283 792,9 мың теңгені құраған.

2023 жылы 65 мемлекеттік сатып алу шарты түзілген. Онын ішінде 37 шарт бағаларды ұсыну тәсілімен жасалған, 10 шарт сатып алудың болмауына байланысты бір көзден сатып алу тәсілімен жасалған, 9 шарт бір көзден сатып алу тәсілімен жасалған, 7 шарт ашық конкурс тәсілімен сатып алу, 2 шарт электронды магазин арқылы сатып алу жасалған.

Басқарманың 2024 жылға мемлекеттік сатып алу жоспары «2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарын бекіту туралы» 15.12.2023 жылғы №87 н/қ бұйрығымен бекітілген.

2024 жылы басқарманың мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына жыл бойында 03.01.2024 жылғы №01 н/қ, 26.01.2024 жылғы №05 н/қ, 14.02.2024 жылғы №09 н/қ, 28.03.2024 жылғы №16 н/қ, 22.04.2024 жылғы №18 н/қ, 10.05.2024 жылғы №24 н/қ, 04.07.2024 жылғы №39 н/қ, 12.07.2024 жылғы №40 н/қ, 22.08.2024 жылғы №46 н/қ, 16.09.2024 жылғы №50 н/қ, 03.10.2024 жылғы №53 н/қ, 10.10.2024 жылғы №56 н/қ, 18.11.2024 жылғы №61 н/қ бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қайта бекітілген.

2024 жылы бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бойынша көрсетілген қызметтермен сатып алынатын тауарлардың жалпы сомасы 126 627,8 мың теңгені құраған.

2024 жылы 61 мемлекеттік сатып алу шарты түзілген. Онын ішінде 28 шарт бағаларды ұсыну тәсілімен жасалған, 16 шарт сатып алудың болмауына байланысты бір көзден сатып алу тәсілімен жасалған, 11 шарт бір көзден сатып алу тәсілімен жасалған, 6 шарт ашық конкурс тәсілімен сатып алу өткізілген.

- Мекеме мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына 06.02.2023 жылғы №08 н/қ бұйрығымен өзгерістер енгізеді.

Сондай-ақ, 06.02.2023 ж. №08 н/қ бұйрығымен мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына тағы да екі рет өзгерістер енгізіледі.

Бұл ретте, мекеме, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 7 тармағының талабы сақталмаған.

Мекеме мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына 01.03.2023 жылғы №17 н/қ бұйрығымен өзгерістер енгізеді.

Сондай-ақ, 01.03.2023 ж. №17н/қ және 10.03.2023 ж. №22н/қ бұйрықтарымен мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына тағы да өзгерістер енгізіледі.

Бұл ретте, басқарма Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 7 тармағының талабы сақталмаған.

Басқарма, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасының «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде «April» жарнамалық агенттігі» ЖШС-мен, 10.03.2023 жылғы №34 (Конференцияларды /семинарларды/ форумдарды/ конкурстарды/ корпоративтік/ спорттық/ мәдени/ мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер) келісім шарт жасалған. Келісім шарт бойынша жалпы 39 872 000 теңгені құрады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есепте Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мүмкін болмауы себептері көрсетілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 бабы 1 тармағының талабы сақталмаған.

Басқарма, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасының «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде «April» жарнамалық агенттігі» ЖШС-мен, 10.03.2023 жылғы №35 (*Шымкент қаласында «Шымкент өнімдері» көрмесін ұйымдастыру және өткізу*) келісім шарт жасалған. Келісім шарт бойынша жалпы 17 920 000 теңгені құрады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есепте Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мүмкін болмауы себептері көрсетілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 бабы 1 тармағының талабы сақталмаған.

Басқарма, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасының «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде «AIDAR FB G» ЖШС-мен, 10.03.2023 жылғы

№36 (Ақпарат тарату бойынша қызмет көрсетулер) келісім шарт жасалған. Келісім шарт бойынша жалпы 9 645 000 теңгені құрады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есепте Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мүмкін болмауы себептері көрсетілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 бабы 1 тармағының және 41 бабы 3 тармақ 2) тармақшасының талабы сақталмаған.

Басқарма, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бап 3-тармақ 45) тармақшасының «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде «Қазақстанның Кәсіби Бухгалтерлер Федерациясы» Кәсіби Бухгалтерлер Ұйымымен, 26.05.2023 жылғы №59 (Персонал/қызметкерлерді оқыту қызметі) келісім шарт жасалған. Келісім шарт бойынша жалпы 80 000 теңгені құрады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы есепте Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың мүмкін болмауы себептері көрсетілмеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 бабы 1 тармағының және 41 бабы 3 тармақ 2) тармақшасының талабы сақталмаған.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Аудит барысында шаралар қолданылмады.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері:

1) тиімділік – 2023-2024 жылдары 001,005,008,017,018,082 бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражатын жоспарлау сатысында 5342926,0 мың теңге тиімсіз жоспарлау фактілері және 17900,0 мың теңге тиімсіз бюджет қаражатын пайдалану фактілері орын алған.

2) нәтижелілік – 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант беру туралы №17008 шартының 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармағының 9) тармақшасына сәйкес, «Кемінде 3 адамға жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамыз етуге» деген талап сақталмай, шартқа 1-қосымшасына сәйкес 1 адамға жаңа жұмыс орны ашылған.

Дәл сондай жағдай №16036, №16033, №15203, №17102, №16451, №16163, №16401, №17305 шарттарда орын алған, яғни 13 «Шарттың қолданылу шеңберінде» тармақтарының 9) тармақшаларының талаптары сақталмай, шартқа 1-қосымшаларына сәйкес 1 адамға ғана жаңа жұмыс орны ашылған. Яғни, басқарма тарапынан өз функцияларын дұрыс орындамау салдарынан жоғарыда аталған шарттардың талаптары орындалмаған.

3) мәнділік – Басқарма тарапынан мемлекеттік сатып алу заңнамасын сақтамау салдарынан 6 бірлік және 1 бірлік өзге де рәсімдік бұзушылық анықталды.

Қорытындылай келе, аудиторлық іс-шара қорытындысымен бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануы мен тиімсіз бюджет қаражатын пайдалануы және мемлекеттік сатып алу заңының сақталмауы жауапты қызметкерлердің тікелей өз міндеттерін орындамай, қолданыстағы заңнама талаптарын басшылыққа алмау салдарынан орын алған деп есептейміз.

Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға, сондай-ақ кәсіпкерлік бастаманы іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан жүйелі бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

Бюджет қаржысын тиімсіз жоспарлануы, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының болуы және мемлекеттік сатып алу бойынша бұзушылықтардың орын алуы басшылық тарапынан бақылаудың төмен болуы салдарынан орын алып отырғандығын көрсетеді.

Жалпы сапалы мониторингінің жүргізілмеуі мен бюджет қаражатын жоспарлануы мен пайдалану кезінде қолданыстағы заңнамалардың сақталмауы салдарынан бюджет қаржыларының тиімді жоспарланып және тиімді жұмсалыуына кері әсерін тигізген.

Бұл өз кезегінде бюджетті жоспарлау сатысында бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, сонымен қатар бюджет қаржысын пайдалану барысында аудит объектілері басшыларының жауапкершілігін арттыруды қажет етеді.

Жалпы аудиторлық іс-шараның нәтижесімен анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде деп тұжырымдауға болады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

Мемлекеттік аудит объектілері басшыларына Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджеттік және басқада заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және келешекте қаржылық бұзушылықтарға жол бермеулері бойынша Тексеру комиссиясының Нұсқама ұсынылсын.

1. «Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) Қабылданған шаралар бойынша мәліметті 2025 жылдың 07

қарашасына дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

4.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражатжөніндегі ақпарат _____ парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі	Н. Абдезов
Жоспарлау, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің басшысы	Д. Кенже
Әкімшілік-заң және персоналды басқару бөлімінің бас инспектор-заң кеңесшісінің м.а.	Т. Бутанбаев
Аудиторлық іс-шараны жүргізген мемлекеттік аудиторлар	
Мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы-мемлекеттік аудитор	Г. Елшибаев
Мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторлары-мемлекеттік аудитор	Е. Есіркепов
	Ш. Сариева